



Ministry of  
healthcare of the  
Republic of Kazakhstan



Funded by  
the European Union

# АҢЫҚТАМАЛЫҚ АДАМ ПАПИЛЛОМАСЫ ВИРУСЫНА (АПВ) ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯ ТУРАЛЫ СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР



ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫН  
**БІРГЕ ЖОЯМЫЗ**

ҚЫЗДАРЫМЫЗДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Бұл жарияланымды европалық одақ бірлесіп қаржыландырды.

Оның мазмұнына тек дәсү жауапты жеңе ол міндетті түрде европалық одақтың көзқарасын білдірмейді.



# МАЗМУНЫ

Кіріспе .....	3
АПВ дегеніміз не? .....	5
Жатыр мойны обыры дегеніміз не .....	9
АПВ диагностикасы мен профилактикасы.....	11
АПВ-ға қарсы вакцинация: неліктен вакцина алу керек? .....	14
АПВ-ға қарсы вакцинацияның халықаралық тәжірибесі .....	18
АПВ-ға қарсы вакциналардың қауіпсіздігі мен тиімділігі.....	24
АПВ-ға қарсы вакцинамен кімдер егілуі керек?.....	30
АПВ-ға қарсы вакцинация қалай жүргізіледі?.....	35
Иммундаудан кейінгі қолайсыз көріністер (ИКҚК).....	39
АПВ-ға қарсы вакцинацияға шынайы және жалған қарсы көрсетілімдер.....	46
АПВ-ға қарсы вакцинация туралы аңыздар және фактілер.....	49
Қазақстанның АПВ-ға қарсы вакцинацияны енгізу тәжірибесі (2013–2015).....	52

# KIPICPE

Құрметті әріптес,

Сіздерге АПВ-ға қарсы вакцинация туралы нақты ақпаратты тарату және ол жөнінде ақпаратты арттыру мақсатында әзірленген осы анықтамалықты ұсынамыз. Қоғамдық денсаулықты жақсарту мақсатында біз түрғылықты халыққа аталған вирусқа қарсы вакцинация туралы бүкіл қажетті ақпаратты ұсыну үшін жиі қойылатын 70 сұрақты жинақтадық.

Адам папилломасы вирусы жатыр мойны обыры, тік ішек обыры және басқа да қатерлі жаңа ісіктер сияқты құрделі аурулардың дамуына себеп болады және қоғамдық денсаулықты сақтау саласындағы негізгі сындарлы мәселенің бірі болып қала бермек.


Вакцинация жатыр мойны обырына шалдығуға жол бермеудің тиімді құралы болып табылады. Сіздің тәжірибеңіз және осы саладағы құзіретіңіз сізді вакцинацияны ілгерілету және осы салада білім беруде негізгі рөлді атқарушы ретінде қалыптастыруды.

Біз осы анықтамалық сіз және сіздің әріптерлеріңіз үшін, сонымен қатар АПВ-ға қарсы вакцинациямен байланысты мәселелермен айналысадын барлық маман үшін бағалы қор болатынына сенімдіміз. Анықтамалық Қазақстанның түрғылықты халқының АПВ-ға қарсы вакцинация туралы түсінігін кеңейтүге көмектеседі және біздің салауатты қоғам құруға жұмыс сайтын құшімізге атсалысады деп үміттенеміз.

Сіздерге қоғамдық денсаулықты сақтау саласына қосқан үлестеріңіз және еңбектеріңіз үшін алғыс айтамыз.

Құрметпен,  
ҚР Денсаулық сақтау министрлігі

# АПВ



## 1. АПВ ДЕГЕҢІМІЗ НЕ?

АПВ (адам папилломасы вирусы) – бұл әртүрлі ағзалардың (мысалы, жатыр мойнының немесе аногенитальді аумақтың) терісіне және шырышты қабықтарына инфекция жүк்தыратын вирус. Кейбір жағдайларда инфекция папилломалардың (сүйел) пайда болуына алып келеді.

АПВ-ның 200-ден астам типі бар. Эр типтің өз нөмірі бар (нөмір өзінің анықталу тәртібімен беріледі).

АПВ-ның жоғары онкогенді қауіп типтері ретінде белгілі кемінде 14 типі бар, олар шырышты қабықтар арқылы беріледі және жатыр мойны обыры мен обырдың басқа түрлерін туғызыу мүмкін. Папилломавирустар жоғары тіндік ерекшелікке ие болады және терінің де, шырышты қабықтың да эпителийіне инфекция жүк்தырады. АПВ-ның онкогенді қаупі тәмен типтері кәдімгі сүйелдердің, табандық сүйелдерінің (табан сүйелдері), гениталий сүйелдерінің пайда болуына немесе сирек жағдайларда тыныс жолдарындағы папилломатоздың ұлғаюына (дауыс бұзылыстарын тудыратын және қайталамалы респираторлық папилломатоз немесе ҚРП деп аталатын) алып келуі мүмкін.

## 2. ҚАНДАЙ АУРУЛАР АПВ ТҮҮНДАТУЫ МҮМКІН?

АПВ-ның әртүрлі типтері дененің әр алуан бөліктерін зақымдайды және обыр, гениталий сүйелдері немесе тыныс алу жүйесінің ауруларымен қоса, әртүрлі ауруларға алып келуі мүмкін.

АПВ-ның кез келген типі туғызған инфекциялардың көвшілігі симптомсыз өтеді және 12-24 ай ішінде өз бетінше элиминацияға ұшырайды.

Алайда, АПВ-ның онкогенді қаупі жоғары типтерінің инфекциясын жүккөтірган 10 жағдайдың 1-үінде инфекция персистирленуі және созылмалы түрге ұласуы мүмкін. Обыр алдындағы өзгерістер одан әрі дамуы мүмкін. Егер осындағы өзгерістер жатыр мойнынан анықталса, оларды цервикальді эпителийшілік неоплазия (CIN) деп атайды. Егер обыр алдындағы өзгерістер анықталмаса және емделіп жазылмаған болса, олар обырға дейін дамуы мүмкін. Бұл процесс, әдетте, 15-20 жылға созылады.

Жатыр мойны обыры жағдайларының бәрін дерлік, қынап, вульва және жыныс мүшесінің обыры жағдайларының көпшілігін, сондай-ақ бас және мойын обырының кейбір жағдайларын АПВ тудырады. Жатыр мойны обырының 10 жағдайының жетеуін 16 немесе 18 типтегі АПВ тудырған.

АПВ-ның басқа типтері женіл таралатын және емделуі қынға соғатын гениталий сүйелдерінің пайда болуын туындарады. Гениталий сүйелдерінің 10 жағдайының тоғызын 6 немесе 11 типтегі АПВ тудырған.

АПВ жаңа туған нәрестелердің көмейінде (тыныс алу түтігінде) ісіктердің пайда болуына қатысты болып, олардың тыныс алыны қындарданың қайталамалы респираторлық папилломатоз (ҚРП) деп аталатын сирек аурұды да тудыруы мүмкін. ҚРП-ны 6 және 11 типтегі АПВ тудырады.

### **3. АПВ ҚАЛАЙ ТАРАЛАДЫ?**

АПВ жұқтырған адамнан организмнің инфекция тускен терісімен, шырышты қабықтарымен немесе сұйықтықтарымен тікелей жанасу арқылы беріледі. АПВ вирусы адамнан адамға мынадай жолдар арқылы беріледі:

#### **1) тұрмыстық жанасу жолы арқылы**

АПВ қол алысу, сүйісу арқылы, терідегі зақымдар арқылы берілуі мүмкін. Вирус ылғалды ортада тез таралады, сондықтан қоғамдық орындарға – сауналарға, моншаларға, спорт залдарына, дәретханаларға, бассейндерге барғанда ұқыпты болғаныңыз дұрыс.

#### **2) жыныс жолы арқылы.**

Вирустардың онкогенді типтері жыныс арқылы берілгенде гениталийде орналасатын сүйір сүйелдерді тудырады.

#### **3) босанған кездे тікелей берілу жолмен.**

Вирус анадан сәбиге босану кезінде беріледі. Сүйелдер көбінесе бәбектерде өмірінің алғашқы жылдарында ауызда немесе теріде пайда болады.

#### **4) өзіне-өзі жұқтыру жолымен.**


АПВ қырыну немесе эпилияция кезінде дененің бір бөлігінен екінші жеріне жиі ауысады.

## 4. АПВ ИНФЕКЦИЯСЫН ЖҮҚТЫРУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ТАРАЛҒАН?

АПВ-инфекциясы бүкіл әлемде ең көп таралған инфекция болып табылады.

Әр адамда АПВ инфекциясын жүқтүрудың 80% ықтималдығы бар, яғни 10 ер мен әйелдің шамамен 8-і өз өмірінің қандай да бір сәтінде бір немесе бірнеше типтегі АПВ инфекциясын жүқтүрады. АПВ инфекциясының ең жоғары таралымы 25 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдерде байқалады.

# ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



## 1. ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Жатыр мойны обыры (ЖМО) – бұл әйел жатыры мойнының (қынаптан жатырға кіру жолының) қатерлі ісігі. Жатыр мойны обыры жағдайларының барлығын АПВ инфекциясы тудырады.

Онкогенді қаупі жоғары АПВ жүқтүру жатыр мойнындағы жасушаларда аномалиялық өзгерістерге әкелуі мүмкін. Бұл зақымданулар обыр алдындағы өзгерістер деп аталады. Егер олар емделмесе немесе кетпей қойса, онда олар обырға айналуы мүмкін. Осы патологиялық өзгерістердің жатыр мойны обырына алып келуіне әдетте, 15-20 жыл қажет болады.

Жатыр мойны обырын емдеудің негізгі әдістері хирургиялық, сәулемен емдеу және химиялық ем болып табылады, бұл бедеулікті қоса алғанда, денсаулықтың кейіннен нашарлауына алып келуі мүмкін.

Жатыр мойны обыры Қазақстанда әйелдер арасында ең көп таралған екінші обыр түрі болып табылады.

## 2. ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ТАРАЛҒАН?

**Жатыр мойны** обыры әйелдерді зақымдайтын ең көп таралған обыр түрлерінің бірі болып табылады: жыл сайын бүкіл дүниежүзінде жатыр мойны обырының 600 000-ға жуық жағдайы және жатыр мойны обырынан болатын 300 000 өлім жағдайы тіркеледі.

Қазақстанда жыл сайын жатыр мойны обырының 1900-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі немесе күн сайын жатыр мойны обырының 5 жаңа жағдайы диагностикаланады. Осы аурудан жыл сайын 600-ден астам әйел қайтыс болады немесе, басқаша айтқанда, күн сайын екі әйел жатыр мойны обырынан көз жұмады. Қазақстанда жатыр мойны обыры 25-тен 44 жасқа дейінгі әйелдерде таралған онкопатологиялар арасында 2-ші орында тұр.

Обыр түрлерінің көпшілігінен өзгешелігі, егде жастағылармен салыстырғанда, ЖМО 20-45 жас аралығындағы жас әйелдерде дамиды. Көптеген жағдайлар жатыр мойны обырын (обыр алдындағы өзгерістерді және ерте сатылардағы обырдың дамуына дейін анықтауға және емдеп жазуға мүмкіндік беретін) тиімді скринингтеу бағдарламалары жоқ ельдерде тіркеледі.

<sup>1</sup>Жатыр мойны обыры жөніндегі жаһандық деректер. Халықаралық обырды зерттеу агенттігі, 2020  
<https://gco.iarc.fr/today/home> (2022 жылғы 2 маусымдағы жағдай бойынша)




### 3. ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫН ДАМЫТАТЬИН ҚАУІПТІ ФАКТОРЛАР НЕЛЕР?

Ең қауіпті фактор АПВ-ның онкогенді қаупі жоғары типі тудырған инфекция болып табылады.

Басқа қауіпті факторлар ерте бірінші жүктілік, үш немесе одан көп мерзіміне жеткен жүктілік, темекі тарту, әлсіреген иммундық жүйе, АИТВ-инфекциясы немесе жыныс жолымен берілетін басқа да инфекциялардың болуы болып табылады.

# АПВ ДИАГНОСТИКАСЫ ЖӘНЕ ПРОФИЛАКТИКАСЫ



## 1. АПВ ЖӘНЕ ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫНА ТЕСТ ӨТКІЗУГЕ БОЛА МА?

Иә, жасушалардың аномалиялық өсүін (обыр алдындағы немесе обыр өзгерістерін) анықтау үшін РАР-тест (Папаниколау тестісі, цитологиялық жағынды) кеңінен пайдаланылады. Обыр тудыруы мүмкін онкогенді қаупі жоғары АПВ ауруын анықтау үшін қарап тексеру және АПВ тестісі пайдаланылады.

Бұл тестілер обыр алдындағы өзгерістер мен обырды ерте сатыда анықтауға арналған жатыр мойны обырын скринингтеу бағдарламаларында пайдаланылады, бұл олардың одан әрі үдеуіне дейін зақымдануларға ем жүргізу мүмкіндігін береді.

Өткінішке орай, ЖМР жағдайларының бәрін бірдей скринингтеу бағдарламаларының көмегімен анықтау және алдын алу мүмкін бола бермейді. Тіпті жатыр мойны обырын скринингтеудің тиімді бағдарламалары қолданылатын елдердің өзінде осы аурудан боатын өлім жағдайларының саны едәуір көп екені айтылады.

АПВ ауруына қарсы вакцинация жүйелі скринингпен бірге әйелдерді жатыр мойны обырынан қорғаудың ең тиімді тәсілін қамтамасыз етеді.

## 2. АПВ ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БОЛА МА?

Вакцинациясыз 10 ер мен әйелдің 8-і, әдетте, 25 жасқа дейінгі кезеңде ең көп таралған АПВ типтерімен инфекция жүқтірады.

Тіпті егер адамда тек қана бір жыныстық жұптас болса да, ол өзі де білмestен инфекция жүқтірып алған болуы мүмкін, өйткені АПВ вирусы көбінесе симптомдардың дамуына алып келмейді. Жыныстық жұптастар санын және жаңа жұптастардың пайда болуы жиілігін қысқарту жолымен қауіпті тәмендетуге болады. Мүшекаптар мен басқа бөгеттік контрацептивтерді пайдалану жыныс жолымен АПВ берілу қаупін тәмендетеді, бірақ ЖОЙМАЙДЫ.

Ертерек жаста (9 жастан бастап) жасалған АПВ ауруына қарсы вакцинация 26 ауру жүқтіру қаупін едәуір тәмендетеді, өйткені вакциналар жатыр мойны обырының 10 жағдайының 9-да дейін және гениталий сүйелдерінің 10 жағдайының 9-да туындағын ең көп таралған АПВ типтерінен қорғайды. АПВ ауруына қарсы вакцинация барлық АПВ типтерінен қорғамайды, сондықтан, тіпті егер әйел егілген болса да, жатыр мойны обырын скринингтеу бұрынғыша маңызды.

### **3. АПВ ЖӘНЕ ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫНА ТЕСТ ӨТКІЗУГЕ БОЛА МА?**

Жатыр мойны обырының қаупін АПВ-ға қарсы дер кезінде вакцина алу және жатыр мойнын скринингтік тексеруден өткізу жолымен едәүір тәмендетуге болады.

АПВ-ға қарсы вакциналар жатыр мойны обырының 10 жағдайының 9-на және гениталий сүйелдерінің 10 жағдайының 9-на дейін тұдыратын АПВ типтерінен қорғайды. АПВ-ға қарсы вакцинация барлық АПВ типтерінен қорғамайды, сондықтан егер әйел егілген болса да, жатыр мойны обырын скринингтеу бұрынғыша маңызды болады.

Жатыр мойнын скринингтік тексеруден өткізу емдеудің сәтті болуына және ерте сатыдағы жатыр мойны обырын анықтауға мүмкіндігін береді. Үлттық скринингтеу бағдарламалары бар елдерде жатыр мойнының инвазиялық (кең таралған) обырына шалдыру қаупін тәмендету мүмкін болды. Өкінішке орай, скрининг жатыр мойны обырының барлық жағдайларын болдырмауға немесе анықтауға мүмкіндік бермейді. Тіпті жатыр мойны обырын тиімді скринингтеу бағдарламасы қолданылатын елдерде осы аурудан болатын өлім санының көп екені аталауды.

Міне, сондықтан, жүйелі скринингпен бірлескен вакцинация әйелдерді жатыр мойны обырынан қорғаудың ең тиімді тәсілі болып табылады.

### **4. ҚАЗАҚСТАНДА ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАНУДА?**

2023 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Үкіметі бүкіл елде АПВ-ға қарсы вакцинацияны енгізу қамтылған 2023-2027 жылдарға арналған онкологиялық ауруларға қарсы күресудің кешенді жоспарын бекітті.

Аталған жоспар бес негізгі бағыттан тұрады: қауіп факторларының алдын алу және оларды басқару, жоғары тиімділікпен ерте диагностикалау, мамандандырылған емдеуді дамыту, паллиативті көмек және оқалту, кадр әлеуетін және ғылымды дамыту.

# АПВ-ФА

ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯ  
НЕЛІКТЕН ВАКЦИНАНЫ АЛУ КЕРЕК?



## 1. ЗАПВ-ФА ҚАРСЫ ЕКПЕҢ НЕ УШІН ЕГУ КЕРЕК?

Вакцинация защищает от типов ВПЧ высокого онкогенного риска, которые могут вызывать рак.

Вакцинация обырды тудыруы мүмкін АПВ-ның онкогенді қаупі жоғары типтерінен қорғайды.

Өмірінің қандай да бір сәтінде 10 ер мен әйелдің 8-ге жуығы АПВ инфекциясын жүктырады. АПВ 25 жасқа дейінгі жас адамдарда жиек кездеседі.

АПВ жатыр мойнының обыры жағдайларының бәрін дерлік тұыннатады. Жатыр мойнының обыры, егер ерте сатыда анықталса да, әйел өміріне үлкен ықпалын тигізеді. Жатыр мойнының обырын емдеу қыынға соғады және өліммен аяқталуға алып келуі мүмкін.

АПВ вирустары жыныс мүшесінің, анус, бас және мойын обырын тудыруы, сондай-ақ гениталий сүйелдерінің пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Ерте жасында (9 жастан бастап) вакцинациядан өткен адам АПВ-ның обырды тудыруы мүмкін онкогенді қаупі жоғары типтерінің көвшілігінен қорғалады. Бірақ, вакцинация аурудың барлық жағдайларының алдын ала алмайды, сондықтан жатыр мойны обырын скринингтеу вакцинамен егілген және вакцинамен егілмеген қыздар мен әйелдер үшін әлі де маңызды. ЖМО ауруынан ең жақсы қорғану АПВ-фа қарсы вакцинация және жатыр мойны обырын скринингтеу бағдарламалары болып табылады.

Вакцинация үл балаларды АПВ және гениталий сүйелдері себебінен болатын обыр түрлерінің көвшілігінен қорғайды және сондай-ақ жыныстық жұптастардың қорғалуын қамтамасыз етеді.

## 2. АПВ-ФА ҚАРСЫ ВАКЦИНА ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Организм иммундық жүйеге АПВ инфекциясымен күресуге көмектесіп пайда болатын антиденелер арқылы вакцинаға жауап береді.

АПВ-фа қарсы вакцина АПВ типтері тудыратын инфекцияны болдырмауда 100% тиімді болып табылады.

Қазіргі уақытта пайдаланылатын АПВ-ға қарсы вакциналар құрамында рекомбинантты ДНҚ технологиясын пайдалану арқылы вакцина құрамындағы әрбір АПВ типінің ақызы қабықшасынан алынған вирус тәрізді бөлшектер (VLP) болады. Бұл вакциналар тірі емес және АПВ-инфекциясын немесе обырды тудыра алмайды.



## «ВАКЦИНАЛАР ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ИСТЕЙДІ» ДЕГЕН БЕЙНЕТАСПАНЫ Да ҚАРАҢЫЗ

### 3. АПВ-ҒА ҚАРСЫ ҚАНДАЙ ВАКЦИНАЛАР БАР?

Қазіргі уақытта АПВ-ға қарсы әртүрлі вакциналар пайдаланылады:

Екі валентті вакциналар (жоғары онкогенді екі АПВ типінен қорғайды: 16 және 18 әрі тағы үш АПВ типінен айқаспалы қорғанысты қамтамасыз етеді: 31, 33 және 45). Бірінші бивалентті вакцина 2007 жылы тіркелді.

Төрт валентті вакциналар, бұл олардың төрт АПВ типінен қорғайтынын білдіреді: 6, 11, 16 және 18. Олар АПВ-ның тағы үш типінен айқаспалы қорғанысты қамтамасыз етеді: 31, 33 және 45. Бірінші төрт валентті вакцина 2007 жылы тіркелді.

Тоғыз валентті вакцина (АПВ-ның тоғыз типінен қорғайды: 6, 11, 16, 18, 31, 33, 45, 52 және 58). Алғаш рет 2014 жылы тіркелді.

Вакциналарды «ГлаксоСмитКляйн» (Бельгия) және «Мерк Шарп және Доум» (АҚШ) компаниялары өндіреді.

Барлық вакциналардың жатыр мойны обыры жағдайларының көпшілігін және кейбіреулері АПВ-мен байланысты обырдың басқа типтерін туындаратын ең көп жоғары онкогенді АПВ типтерін жүқтүруды болдырмауға қатысты тиімділігі жоғары. Төрт валентті және тоғыз валентті вакциналар да гениталий сүйелдерін болдырмайды.

Әрбір елдің ұлттық реттеуші органы елде қандай вакциналарды қолдануға болатынын шешеді, ал Денсаулық сақтау министрлігі қандай вакцинаны ұлттық екпелер күнтізбесіне қосу керектігі туралы шешім қабылдайды.

## 4. ВАКЦИНАЛАР АПВ-НЫҢ ҚАНДАЙ ТИПТЕРІНЕН ҚОРҒАЙДЫ?

АПВ-ға қарсы вакциналар ең көп жоғары онкогенді және кең таралған АПВ типтерінен қорғайды.

АПВ-ға қарсы екі валентті және төрт валентті вакциналар АПВ-ның 16 және 18 типтерінен қорғайды және жатыр мойны обырының 10 жағдайының 8-ін туғызатын ері АПВ-ның 31, 33 және 45 типтерінен және АПВ инфекциясымен байланысты обырдың басқа түрлерінің көпшілігінен айқаспалы қорғануды қамтамасыз етеді.

Төрт валентті вакциналар гениталий сүйелдерінің 10 жағдайының 9-на себеп болатын АПВ-ның 6 және 11 типтерінен қосымша қорғайды.

Тоғыз валентті вакцина жатыр мойны обырының 10 жағдайының 9-на бірге себеп болатын АПВ-ның жеті типінен және гениталий сүйелдерінің 10 жағдайының 9-ын тудыратын АПВ-ның екі типінен қорғайды.

### **КЕЛЕСІ КЕСТЕДЕ ӘР ВАКЦИНАНЫҢ АПВ-НЫҢ ҚАНДАЙ ТИПТЕРІНЕН ҚОРҒАЙТЫНЫ ҚӨРСЕТИЛГЕН.**

Вакцинадағы типтер саны (валенттілік)	Вакцинадағы АПВ типтері	Осы типтер тудырған жағдайлар %-ы	
		Жатыр мойны обыры	Гениталий сүйелдері
2 (екі валентті)	16,18	71% (далалденген айқас қорғаныс 84%-ға дейін)	жок
4 (төрт валентті)	6, 11, 16,18	84 %	90 %
9 (тоғыз валентті)	6, 11, 16,18, 31, 33, 45, 52, 58	90 %	90 %

# АПВ-ФА

ҚАРСЫ ВАКЦИЯ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ



## 1. ДУНИЕЖҰЗІНДЕ АПВ-ФА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЛАР ҚАЙ УАҚЫТТАН БЕРІ ҚОЛДАНЫЛАДЫ?

АПВ-фа қарсы вакциналар 2006 жылдан бері қолданылады.

АПВ-фа қарсы (АПВ-ның төрт типіне қарсы) алғашқы төрт валентті вакцина 2006 жылы, алғашқы екі валентті (екі типіне қарсы) – 2007 жылы, ал тоғыз валентті (тоғыз типіне қарсы) – 2014 жылы пайдаланылды.

## 2. АПВ-ФА ҚАРСЫ ҚАҢША АДАМҒА ВАКЦИНА ЖАСАЛДЫ?

АПВ-фа қарсы алғашқы вакцина пайда болған 2006 жылдан бастап, бүкіл әлемде 100 миллионнан астам адам егілді, осы мақсатта вакцинаның 270 миллионнан астам дозасы пайдаланылды.

## 3. АПВ-ФА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯНЫ ҚАҢША ЕЛ ЖУРГІЗЕДІ?

АПВ-фа қарсы вакцинация дүниежүзінің 135 елінде қызыбалалар үшін, ал кейбір жағдайларда ұл балалар үшін жоспарлы екпелер күнтізбесінің шеңберінде жүргізіледі. ДДСҮ Еуропалық өнірінің қырық бес елі АПВ-фа қарсы вакцинаны енгізді, ал жыл сайын осындай елдер қатары барған сайын көбейоде.

## 4. ҚАҢДАЙ ТМД ЕЛДЕРІ АПВ-ФА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯНЫ ЕҢГІЗДІ?

ТМД елдерінде АПВ вакцинациясының бағдарламасы Армения, Грузия, Молдова, Түркіменстан, Қырғызстан және Өзбекстанда енгізілді.

## 5. АПВ-ФА ҚАРСЫ ВАКЦИНАНЫ ЕҢГІЗУ ТАБЫСТЫ БОЛДЫ МА?

ИӘ. АПВ вакцинасын бұрын енгізген көптеген елдерде (Австралия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Дания, Жана Зеландия, Норвегия, Америка құрама штаттары, Швеция және Швейцария) вакцинацияның оң нәтижесі байқалды.<sup>4,5,6</sup> АПВ вакциналарын пайдалану деңгейі жоғары елдерде АПВ инфекциясының таралу көрсеткіштері және жатыр мойны патологиялық өзгерістері төмендегені анықтайды.

<sup>2</sup> Bruni, Laia et al. Global estimates of human papillomavirus vaccination coverage by region and income level: a pooled analysis. Аймактар белгінде және табыс деңгей бойынша адам папилломасы вирусына қарсы вакцинациямен қамтулдың жаһандық бағалары: жыныстық талдау] The Lancet Global Health, Volume 4, Issue 7 , e453 - e463 (2016), 2022 жылғы 2 маусымдағы жағдай бойынша

<sup>3</sup> Дүниежүзілік деңсаульық сақтау үйімі. Жаңа және жеткіліксіз пайдаланылатын вакциналарды енгізу. 2022 жылғы 2 маусымдағы жағдай бойынша

<sup>4</sup> Drolet et al. Lancet, 2019. (2022 жылғы 2 маусымдағы жағдай бойынша)

<sup>5</sup> Kavanagh et al. Lancet, 2017 (2022 жылғы 2 маусымдағы жағдай бойынша)

<sup>6</sup> Falcaro et al. Lancet, 2021 (2022 жылғы 2 маусымдағы жағдай бойынша)



Әдебиетке жүйелі жасалатын шолулардың және деректерді метаталдаудың нәтижелері АПВ вакцинасымен, кемінде, 50% қамтылуға қол жеткізген елдерде, орта есеппен:

- 20 жас шамасындағы жас әйелдер арасында адам папилломасы вирусының (АПВ-16 және АПВ-18) қауіпті серотиптері инфекциясын жұқтыру деңгейлері 80% төмендегенін анықтады.
- Гениталий кондиломаларына шалдығу, орта есеппен, 83% төмендеген. Австралия, Шотландия және басқа елдерде жас адамдар арасында осы ауруды жою мүмкін болды.<sup>7</sup>
- Обыр алдындағы аурулар қаупі (2-ші және 3-ші дәрежелі интер-эпителий дисплазиясы), вакцинацияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда, жас әйелдер арасында 60-70% төмендеді.
- Англия, Финляндия және Швецияда жас әйелдер арасында жатыр мойны обырының инвазиялық түрлеріне, сондай-ақ 3-ші дәрежелі обыр алдындағы ауруларға шалдығудың елеулі төмендегені байқалады.

## 6. ВАКЦИНАНЫҢ ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫНЫҢ ЖАҢА ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ САНЫН ҚЫСҚАРТАТЫНЫНА ДӘЛЕЛДЕР БАР МА?

Иә. Қазір, 270 млн. дозаны пайдаланған және енгізген 10 жылдан кейін АПВ-ға қарсы вакцинацияның жатыр мойны обырының алдын алуда тиімді екеніне жеткілікті дәлелдер бар. Жатыр мойнының обыры жағдайларының азауы ерте жеткіншек жаста вакцина еілген қызы балалардың бірінші тобының жатыр мойны обырының туындауы басталатын жасқа жетуіне қарай жуық арадағы алдағы бірнеше жылда күтіледі.

<sup>7</sup> Donovan (2013) Genital warts in young Australians five years into national human papillomavirus vaccination programme: national surveillance data. [Адам папилломасы вирусына қарсы үлттық вакцинация бағдарламасы іске асырылған бесінші жылы жас австралиялайштар арасындағы гениталий сүйелдері: үлттық эпидемиологиялық қадағалау жүйесінің деректері, (2022 жылғы 2 маусымдағы жағдай бойынша)]



## 7. АВСТРАЛИЯ ТӘЖИРИБЕСІ

АПВ-ға қарсы иммундау бағдарламасы енгізілген алғашқы елдердің бірі Австралия болып табылады. Адам папилломасы вирусының (АПВ) алдын алуға арналған ұлттық вакцинация бағдарламасы 2007 жылдан бастап енгізілді. Бағдарламада 3 дозалық схема бойынша мектептер базасында 12-13 жасар қызы балаларды вакцинациялау және 26 жасқа дейінгі қыздар мен әйелдерді вакцинациялау қамтылды (13 жастан үлкендерде вакцинация 2009 жылы аяқталды). 2013 жылды бағдарлама 12-13 жасар ұл балаларды қамту арқылы кеңейтілді.

Зерттеу деректері бойынша (Vaccine Impact in Population (VIP) Study) 18-24 жастағы әйелдер арасында HPV-ның 6, 11, 16 және 18 типтерінің таралуы ( $n = 1260$ ) 2005-2007 жж. вакцина егілгендер арасында **28,7%-дан** (вакцинацияға дейін) **2,3% дейін** ( $p < 0,0001$ ) және 2010-2012 жж. вакцина егілмегендегер арасында 18,8% төмендеді.<sup>8</sup>

Бұл ретте, HPV-ның онкогенді қаупі жоғары типтерінің таралуы жиынтық түрде (16, 18, 31, 33, 35, 39, 45, 51, 52, 56, 58, 59, 68) 2005-2007 жж. вакцина егілгендер арасында 47,0%-дан 34,4% дейін және вакцина егілмегендегер арасында **44,3%** (2010-2012 жж. тексеруден өткен барлық әйелдер арасында, орта есеппен, **34,9%**) төмендеді.<sup>8</sup>

Австралияды тек әйелдерге вакцина егілген және 4 валентті вакцина пайдаланылған АПВ-ға қарсы ұлттық вакцинация бағдарламасын іске қосудан кейін 10 жыл өткен соң 15-20 жас аралығындағы жас ерлер мен әйелдер арасында сүйір папилломалардың таралуы 90% қысқарды.

## 8. АҚШ ТӘЖИРИБЕСІ

АҚШ-та 4 валентті вакцинамен вакцинациялау 2006 жылды 11-12 жасар қызы балаларға ұсынылды және вакцинация тек 9 валентті вакцинамен (2015 жылды пайда болды) жасала бастаған 2016 жылға дейін жалғасты.<sup>9</sup> Вакцинаның, кем інде 1 дозасымен қамту 13-17 жастағы қыздар арасында 2007 жылғы 25%-дан 2014 жылғы 60% дейін өсті (вакцинацияның 3 дозалықсызбасында).<sup>10</sup>

<sup>8</sup> Patel C et al. The impact of 10 years of human papillomavirus (HPV) vaccination in Australia: what additional disease burden will a nonavalent vaccine prevent? Euro Surveill. 2018 Oct;23(41):1700737. doi: 10.2807/1560-7917.ES.2018.23.41.1700737. PMID: 30326995; PMCID: PMC6194907

<sup>9</sup> Jacqueline M. Mix et al. Assessing Impact of HPV Vaccination on Cervical Cancer Incidence in Women 15–29 years in the United States, 1999–2017: An Ecologic Study. Cancer Epidemiol Biomarkers Prev. 2021 January ; 30(1): 30–37. doi:10.1158/1055-9965.EPI-20-0846.30326995; PMCID: PMC6194907

<sup>10</sup> Many adolescents still not getting HPV vaccine | CDC Online Newsroom. 30326995; PMCID: PMC6194907 Accessed 2022 Sept 6.



Папилломавирустардың (АПВ) 6, 11, 16 және 18 типтерінің таралуы 14-19 жастағы қыздар арасында 2003-2006 жылдары 11,5%-дан 2011-2014 жылдары 3,3% дейін төмендеді (салыстырмалы төмендеуі 71%), ал 20-24 жастағы әйелдер арасында таралуы, сәйкесінше, 18,5%-дан 7,2% дейін (салыстырмалы төмендеуі 61%) төмендеді. Осы орайда 14-тен 24 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен әйелдер арасында папилломавирустардың таралуы вакцина егілгендер арасында 89% және вакцина егілмегендер арасында 34% төмендеді.<sup>11</sup>

АҚШ-та АПВ-ға қарсы вакцинацияны енгізуден кейін 15-20 жас аралығындағы әйелдер арасында жалпақ жасушалы карцинома мен аденокарцинома жағдайлары таралуының едәүір төмендегені байқалады.

## 9. ҰЛЫБРИТАНИЯ ЖӘНЕ ШВЕЦИЯ ТӘЖІРИБЕСІ

2008 жылы Ұлтыртанияда 12-13 жастағы қызы балалар үшін екі валентті вакцинамен АПВ-ға қарсы тегін ұлттық вакцинация бағдарламасы енгізілді. 2010 жылы вакцинацияның үш дозасымен қамту 75%-дан астам құрады. Швецияда АПВ-ға қарсы вакцинация қауымдық деңгейде; әсіресе, 17 жасқа толмаған әйелдер арасында жатыр мойнының инвазиялық обирын болдырмау тиімділігін көрсетті.

## 10. ЖАПОНИЯ

Жапонияда жергілікті муниципалитеттер 2010 жылы қызы балаларға АПВ-ға қарсы вакцинация енгізді, ал вакцина 2013 жылғы сәуірде ұлттық иммунизация бағдарламасына енгізілді. Бастапқы қамту 70% жуық құрады. Алайда, 2013 жылғы маусымда Жапония үкіметі бұқаралық ақпарат құралдарында пайда болған вакцинациядан кейінгі жанама реакциялар (кешенді аумақтық ауырсыну синдромы (КААС) және басқа симптомдар) туралы расталмаған хабарламалардан соң АПВ-ға қарсы вакцинацияны белсенді насиҳаттауды тоқтатты. Вакцинациямен қамту 1% дейін құрт төмендеді.

ДДСҰ Вакциналар қауіпсіздігі жөніндегі Жаһандық консультативтік комитеті (ВҚЖКК) 2013, 2014, 2015 жылдары және 2017 жылғы маусымда осы жағымсыз құбылыстарға зерттеу жүргізді және АПВ мен КААС қарсы вакцина арасында себеп-салдарлы байланыстың қандай да бір дәлелдерінің болмағанын мәлімдеді.

<sup>11</sup> Oliver SE, Unger ER, Lewis R, McDaniel D, Gargano JW, Steinau M, et al. Prevalence of human papillomavirus among females after vaccine introduction-National Health and Nutrition Examination Survey, United States, 2003–2014. The Journal of infectious diseases 2017;216(5):594–603 doi 10.1093/infdis/jix244. [PubMed: 28931217].30326995; PMCID: PMC6194907

ВҚЖКК АПВ-ға қарсы вакциналарды өте жоғары дәрежеде қауіпсіз деп санайды. 2018 жылғы ақпанда жапон зерттеуінде вакцина егілген және вакцина егілмеген қыз балаларда симптомдардың кең ауқымды жиілігінің көрсеткіштерінде айырмашылық жоқекені мәлімделді.<sup>12</sup>

Жапонияда жатыр мойны обырынан болатын өлім-жітімнің жоғары деңгейін ескере отырып, Жапонияның вакцинацияны дамыту жөніндегі сараптамалық кеңесі және басқа сарапшылар топтары АПВ-ға қарсы вакцинация бойынша ұсыныстарды қайта бастау үшін белсенді науқанды жалғастыруды. 2017 жылғы шілдеде ДДҮ-ы Жапонияда жатыр мойны обырынан болатын өлім-жітім деңгейі 1995 жылдан 2005 жылға дейін 3,4% - ға өскенін және 2005-2015 жылдар аралығындағы деректерді қарау кезінде 5,9% - ға артады деп хабарлады.

АПВ-ға қарсы вакциналар Жапонияда бар, бірақ Үкіметтің белсенді ұсыныстары әлі күнге дейін тоқтатылып отыр.

ВҚЖКК-ы Жапониядағы жас әйелдер АПВ инфекциясымен байланысты қатерлі ісікке осал болып қала береді, әйтпесе алдың алуға болады деп мәлімдеді; және қауіпсіз және тиімді вакциналарды пайдаланбауға алып келетін аз дәлелдерге негізделген саяси шешімдер айтартылғатай зиян келтіруі мүмкін.

<sup>12</sup> Consensus statement from 17 relevant Japanese academic societies on the promotion of the human papillomavirus vaccine [Консенсусное заявление 17 японских научных обществ в отношении поддержки вакцинации против вируса папилломы человека)] (по состоянию на 2 июня 2022 г.)



Declaration to Demand the Resumption of Recommendations for Human Papillomavirus (HPV) Vaccination for Cervical Cancer Prevention [Обращение с требованием возобновить действие рекомендаций в поддержку вакцинации против вируса папилломы человека в целях профилактики рака шейки матки], доступно по ссылке



# АПВ-FA

ҚАРСЫ ВАКЦИНАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ  
ЖӘНЕ ТИМДІЛІГІ



## 1. АПВ ВАКЦИНАСЫНЫң ҚҰРАМЫНА НЕ КІРЕДІ?

АПВ-ға қарсы вакциналарда тірі вирустар немесе вирустың ДНҚ-сы жоқ. АПВ-ға қарсы вакциналарда әдетте вакциналар мен басқа да препараттарда кездесетін вирус тәрізді бөлшектер мен басқа компоненттер (ингредиенттер) бар.

Вирус тәрізді бөлшектерде сол вирустың қандай да бір генетикалық материалының АПВ вирусының протеинді қабығы бар. Вирустың әсерін имитациялау арқылы вакцина иммундық жүйені АПВ-ға қарсы қорғаныс антиденелерін өндіруге ынталандырады. Тиімділікті арттыру үшін вакцинаның құрамына адъюванттың (алюминий сульфаты) аздаған мөлшері кіреді, үлкен дененің иммундық реакциясын, минералды тұздарды (L-гистидин, полисорбат 80 және натрий бораты) және суды күштейтуге көмектеседі.

## 2. АПВ-ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЛАРДЫҢ КОМПОНЕНТТЕРИ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИКЕЗДЕСЕДІ БАСҚА ПРЕПАРАТТАРДЫҢ ҚҰРАМЫНА КІРЕДІ МЕ?

АПВ-ға қарсы вакциналардың құрамына кіретін компоненттер, бірқатар басқа вакциналар мен дәрі-дәрмектерде жиі кездеседі.

 Алюминий гидроксифосфат сульфаты ауада, тамақ өнімдерінде және косметикада, мысалы, дезодоранттарда кездеседі және балаларда қолданылатын бірнеше вакциналардың құрамдас бөлігі болып табылады. Алюминий тұздары көптеген вакциналарда 50 жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді.

 Вакцинадағы алюминий мөлшері өте аз. Ересектердің көвшілігі вакцинаға қарағанда күн сайын жейтін тағамнан шамамен 35 есе көп алюминий алады.

 L-гистидин тамақпен бірге келетін маңызды амин қышқылы. L-гистидин сонымен қатар кейбір гепатитке қарсы вакциналардың құрамдас бөлігі болып табылады.

 Полисорбат 80 балмұздак сияқты тағамдарда эмульгатор ретінде қолданылады. Бұл бірнеше балаларға арналған вакциналар мен басқа дәрілердің құрамдас бөлігі болып табылады.

 Натрий бораты кейбір вакциналар мен көз тамшылары сияқты дәрі-дәрмектердің құрамдас бөлігі болып табылады.

Вакциналардағы құрамадас бөліктердің аздаған мөлшері сіздің дененізге қалай енгеніне қарамастан (ауыз арқылы, инъекциялық немесе көз тамшылары түрінде) уиттү болытабылмайды.

АПВ-ға қарсы вакциналардың құрамына кіретін тұз хлориді бұл организмнің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет етілетін және көп мөлшерде тутынылған жағдайда ғана зиян келтіруі мүмкін қарапайым тұз болып табылады.

Натрий фосфаты негізіндегі тұздар кең таралған және зиянсыз болып табылады. Олар қышқылдық тепе-теңдігін сақтайды, сонымен қатар вакцинаның белсенді ингредиенттерінің құтының түбіне шөгуіне жол бермейді.

### **3. ҚҰРАМЫНДА АЛЮМИНИЙ БАР ВАКЦИНАЛАР ҚАУІПСІЗ БЕ?**

**Иә.** Барлық қолда бар деректердің мұқият талдау негізінде вакциналардың қауіпсіздігі жөніндегі жаһандық консультативтік комитет құрамында алюминий бар вакциналарды қолдану кезінде денсаулыққа қауіп төндіретін фактілер анықталмағанын айтты.<sup>13,14</sup>

Вакцинадағы алюминий мөлшері өте аз. Ересектердің көпшілігі вакцинаға қарағанда күн сайын жейтін тағамнан шамамен 35 есе көп алюминий алады.

### **4. АПВ-ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЛАР ТИІМДІ МЕ?**

**Иә.** АПВ-ға қарсы барлық вакциналар АПВ-ның қатерлі ісік тудыратын титерін жұқтырудан 95%-дан астам қорғайды.

АПВ-ның жоғары онкогендік қауіпті типтерінен туындаған инфекциялардың көпшілігі организмнен өздігінен жойылады, бірақ кейбіреулері ісікке дейінгі өзгерістерге ауысады, олар кейбір жағдайларда уақыт өте келе қатерлі ісікке айналуы мүмкін. Егер АПВ-инфекциясының алдын алса, ісікке дейінгі өзгерістер мен қатерлі ісік дами алмайды.

Бұрын АПВ вакцинасын енгізген елдерде жас әйелдерде инфекциялар, қатерлі ісікке дейінгі және жатыр мойны обыры және АПВ-дан болған аурулар санының тез және айтартықтай (90% - ға дейін) төмендегені байқалады.

<sup>13</sup> Алюминий негізіндегі адьюваннтар: 2012 жылғы 6-7 маусымда откен ВКЖКК-ы кеңесі туралы есептен үзінді. ДДУ-ның 2012 жылғы 27 шілдедегі апталық эпидемиологиялық бюллетенінде жарияланған(2022 жылғы 2 маусымдағы жағдай бойынша)

<sup>14</sup> АПВ-ға қарсы вакциналардың қауіпсіздігі туралы жаңартылған ақпарат: 2017 жылғы 7-8 маусымда откен ВКЖКК-ы кеңесі туралы есептен үзінді 2017 жылғы 14 шілдедегі апталық эпидемиологиялық бюллетенінде жарияланған, (2022 жылғы 2 маусымдағы жағдай бойынша)



## 5. АПВ АУРУЫНА ҚАРСЫ ВАКЦИНА ҚАУІПСІЗ БЕ?

Иә, АПВ ауруына қарсы вакциналардың бәрі тіркелген вакциналардың ішінде ең қауіпсіз және ең көп сынақтан өткен түрлеріне жатады.

АПВ ауруына қарсы әрбір вакцина клиникалық сынақтар шеңберінде қауіпсіздік пен тиімділік тестісінен өткен, одан кейін тіркеуден өткізіліп, түрғылықты халыққа қолжетімді болған. Вакцинаны енгізген әрбір елде вакцина қауіпсіздігін мониторингтеу де жүзеге асырылады.

Вакциналар қауіпсіздігі жөнінегі жаһандық кеңес беру комитеті (ВҚЖКК) дүниежүзінің әртүрлі елдерінде жүргізілген зерттеулер нәтижелері бойынша келіп түсетін АПВ ауруына қарсы вакциналардың қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми деректерді жүйелі талдаудан өткізеді. Вакцинамен байланысты болуы ықтималды иммунизациядан кейінгі кез келген күрделі жанама көрініс мүқият тергеледі, ал Комитет осындай оқиғалардың вакцинаны енгізуге дейін және одан кейін қаншалықты жиі орын алғанын зерттейді.

ВҚЖКК 2007 жылы қауіпсіздік туралы деректерді алғаш рет қарады, ал одан кейін осы талдау 2008, 2009, 2013, 2014, 2015 жылдары және 2017 жылғы маусымда жасалды.<sup>15</sup> Ешқандай ауыр немесе күрделі жанама реакциялар анықталмады. Басқа вакциналардың бәріндегі сияқты, анафилаксия (миллион дозаға шаққанда 1,7 жағдай жилігімен болатын ауыр аллергиялық реакциялар) және естен тану болуы мүмкін, бірақ тым сирек кездеседі. ВҚЖКК АПВ ауруына қарсы вакцина өте жоғары дәрежеде қауіпсіз деп санайды.

Еуропалық дәрілік заттар жөніндегі агенттік тәуелсіз бағалау да жүргізді және АПВ ауруына қарсы вакцина қауіпсіз және тиімді деген қорытындыға келді.<sup>16</sup>



**МЫНАЛАРДЫ Да ҚАРАҢЫЗ: SURVEILLANCE  
OF SIDE-EFFECTS OF THE HPV VACCINE  
(АПВ АУРУЫНА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІНГІ ЖАНАМА  
КӨРІНІСТЕРДІ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ) (БЕЙНЕТАСПА)**

<sup>15</sup> WHO Position Paper on HPV immunization (ДДУ АПВ вакциналары туралы құжат(WER, 2017) Human papillomavirus (HPV) (who.int) (2022 жылғы 2 маусымдағы жағдай бойынша)

<sup>16</sup> European Medicines Agency. Assessment report EMA/762033/2015 Human papillomavirus (HPV) vaccines.Адам папилломавирусына қарсы вакцинаны (АПВ) бағалау есебі (2022 жылғы 2 маусымдағы жағдай бойынша)



## 6. АПВ-ФА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЛАРДЫҢ САПАСЫ ЖОҒАРЫ ЕКЕНИНЕ ҚАЛАЙ СЕНИМДІ БОЛА АЛАМЫН?

ДДҰ, Еуропалық дәрі-дәрмек агенттігі, Ұлттық реттеушілер және басқалары вакциналардың қауіпсіздігіне өте байыппен қарайды. Сынақтардың өндірістің тасымалдаудың және қолданудың барлық кезеңдерінде вакциналардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қатаң бақылау жүйелері құрылды. Бұл жүйелер сонымен қатар вакциналардың қауіпсіздігіне қатысты кез келген ықтимал мәселенің тіркелуін және тиісті түрде тексерілуін қамтамасыз етеді.

АПВ-фа қарсы кез-келген вакцинаны тіркемес бұрын жанама әсерлерді анықтауға бағытталған клиникалық зерттеулер жүргізіледі. Клиникалық зерттеулерде вакцина мындаған еріктілерге беріледі және бұл топтың нәтижелері вакцинаны алмаған адамдар тобымен салыстырылады.

Вакцинаның қауіпсіздігі мен тиімділігі дәлелденгеннен кейін, әр елдегі ұлттық реттеушілер вакцинаның әр елде болуы (тіркелуі) керек пе, жоқ па, соны анықтау үшін әлі де дәлелдерді зерделеуі тиіс. Вакцина тіркеліп, жоспарлы иммундау үшін пайдаланылғаннан кейін, ұлттық және жаһандық жүйелер иммундаудан кейінгі кез келген жанама көріністерді (ИКЖК) мониторингтеуді және тергеп-тексеруді жалғастырады. Сонымен қатар, елдер мен өндірушілер клиникалық сынақтар кезінде анықталмайтын кез келген сирек кездесетін ИКЖК анықтау мақсатында вакциналардың қауіпсіздігін тіркеуден кейінгі зерттеулерді жүргізеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімінің Вакциналар қауіпсіздігі жөніндегі жаһандық консультативтік комитеті (ВҚЖКК) әлемнің әртүрлі елдеріндегі зерттеулердің нәтижелері бойынша келіп түсетін АПВ-фа қарсы вакциналардың қауіпсіздігі туралы ғылыми деректерді үнемі талдайды. Вакцинамен байланысты болуы мүмкін иммундаудан кейінгі кез келген ауыр жанама көріністер мүқият тергеп-тексеріледі және Комитет мұндай оқиғалардың вакцинаны енгізгенге дейін және одан кейін қаншалықты жиі болғанын зерделейді.

АПВ-фа қарсы вакциналарды шығаратын әрбір ел өндіріс пен сапаның бірыңғай жоғары стандарттарын үстанады.

## 7. ВАКЦИНА ДҮРҮС СЫНАЛДЫ МА?

Иә. Қолжетімді АПВ-ға қарсы вакциналардың әрқайсысы қолдануға рұқсат берілмес бүрын кең клиникалық сынақтарда сыйналды. АПВ-ға қарсы алғашқы вакцина 2006 жылды лицензияланған, содан бері әлемнің 74 елінде АПВ-ға қарсы вакцинаның 270 миллион астам дозасы қолданылған.

